Әділет

**Алкоголь өнімін өндіру және оның айналымына мемлекеттік бақылау жөніндегі комитет Төрағасының 1998 жылғы 12 маусымдағы N 5 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитеті 1998 жылғы 21 желтоқсан N 96 Бұйрық. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 17 мамырда N 762 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 471 бұйрығымен.

-----------Күші жойылды------------

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қосымшаға сәйкес кейбір нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын...

Министр

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2004 жылғы 30 желтоқсандағы
N 471 бұйрығына қосымша

Күші жойылған кейбір нормативтік құқықтық актілер тізбесі

5. "Алкогольді өнімдердің өндірісіне және айналысына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитет төрағасының 1998 жылғы 12 маусымдағы N 5 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Алкогольдік өнімдердің өндірісіне және айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитеттің 1998 жылғы 21 желтоқсандағы бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 762 болып тіркелген)...

----------------------------------

Алкогольді өнімдердің айналымына мемлекеттік бақылау жасауды күшейту мақсатында Бұйырамын:

1. "Этил спирті мен алкогольді өнімдердің өндірісі, этил спиртін сақтау және сату, алкоголь өнімдерін (сырадан басқа) сақтау және көтерме сатуды лицензиялау туралы Тәртібін бекіту туралы" Алкоголь өнімін өндіру және оның айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитет Төрағасының 1998

жылғы 12 маусымдағы N 5 V980532_ бұйрығына келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген этил спирті мен алкогольді өнімдердің өндірісі, этил спиртін сақтау және сату, алкоголь өнімдерін (сырадан басқа) сақтау және көтерме сатуды лицензиялау Тәртібіне:

5 тарауға:

8 тармақшадағы "6% аса" деген сөз " 1,5% аса" деген сөзбен ауыстырылсын;

20 тармақша келесі редакцияда жазылсын:

"20) Бөлшек сауда - алкоголь өнімін тұтынушыларға бір-бірлеп сату, олардың қайта сатылуы үшін емес;";

69 тараудың 6 тармақшадағы "құрамында көлемі 12 проценттен асатын этил спирті бар" деген сөздер "(сырадан басқа)" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

*Төраға*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК